

М. УМАРОВ

АНА ТІЛІ



1

Жалпы орта білім беретін мектептердің
1-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен

Тоғызыншы басылымы



ТАШКЕНТ — «О'ЗБЕКИСТОН» — 2019

УЎК 811.512.122(075)

372.881.1(075)

КБК 81.2 Каз-9

У-58

Пікір жазғандар:

Д. Айтбаев

— Ташкент Мемлекеттік педагогика университетінің «Бастауыш білім беру және спорт мәдениеті» факультетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты;

А. Нысанбаева

— Ташкент Мемлекеттік педагогика университетінің «Бастауыш білім беру және спорт мәдениеті» факультетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты;

Б. Жолдыбекова

— Ташкент облысы, Шыназ ауданындағы 12 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып оқытушысы;

А. Фаниева

— Ташкент облысы, Қыбырай ауданындағы 9 жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып оқытушысы.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



— жаңа сабак.



— үйге тапсырма.



— сабак аяқталды.

**Республикалық мақсатты кітап қоры
қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-01-048-2

© М. Умаров, 2011—2019

© «O'ZBEKISTON» БПШУ, 2011—2019



Ана тілім

Ана тілім — өн қылыш
Анам айтқан өлдиім.
Ана тілсіз мәңгілік
Келіспейді өн, күйім.

Ана тілім — бойымда
Ағып тұрған бұлағым.
Ана тілім — ойымда
Жанып тұрған шырағым.

Ана тілім толғаса,
Қай теңіз бар шайқалмас?

Ана тілім болмаса,
Ерлігім де байқалмас,
Елдігім де байқалмас.

(Мекембай Омарұлы.)

Өлеңді жаттап алыңдар.



ДЫБЫС ПЕН ӘРІП

1-жаттығу. Суретте кімдер бейнеленген?



- Тәмендегі сөздерді дұрыс оқыңдар.
Қай дыбыс сөздің мағынасын өзгертіп түрғанын айтыңдар.

Ата — ана, апа — аға, әже — әке.

- Дыбыстардың санын анықтаңдар.

2-жаттығу. Сөздердің бір дыбысын алып тастағанда сөз мағынасының өзгеруін байқандар.

Бала —  . Бесік —  .

Асқар —  . Ағаш —  .

- Сөздердің негізгі мағынасын өзгерткен дыбысты айтындар.
- Дыбыс саны өзгерсе, онда сөздердің мағынасы да өзгеретіні естерінде болсын.

**Дыбыс — сөздің бөлшегі.
Сөз дыбыстардан құралады.**

3-жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрастырып жазындар.



- Адам аттарында кездесетін дауысты дыбыстарды атаңдар.



4-жаттығу. Сөздердің бір дыбысын өзгертіп, жаңа сөз тудырып жазыңдар.

Май — . Бел — . Қара — .

Қаз — . Көрік — . Көл — .

Үлгі: Бал — тал.

- Сөздердің мағыналарын салыстырыңдар.



5-жаттығу. Суреттегі заттардың атын атаңдар. Соңынан сол сөздерді жазыңдар.



-



- Әр сөздегі дыбыс пен әріптердің аттарын атаңдар. Әр сөздің неше дыбыстан құралғанын айтыңдар.

6-жаттығу. Нүктенің орнына тиісті дыбыстарды қойып жазыңдар.

Ат ., ар ., әк ., қа ., ек ., қо . .

Тиісті дыбыстар: а, а, е, р, і, л.

- Сөздерді салыстырып оқыңдар.

7-жаттығу. Суретке қарап сөйлем құраңдар.



Алма



Алмалар

Үлгі: Бұл — алма.

- Дауысты дыбыс әріптерінің астын сызындар.
- Алманың түсі қандай? Алма және алмалар сөзінде неше дыбыс, неше әріп бар?

**Сөз бас әріптен басталып жа-
зылады.**

**Сөйлемнің соңына нұкте қойы-
лады.**



8-жаттығу. Мақалды көшіріп жазындар.

Аталар **сөзі** —
Ақылдың көзі.

- Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсініп алындар. **Сөзі, көзі** сөздерінің мағынасы қай дыбыстардың (әріптердің) өсерінен өзгерген?



9-жаттығу. Жыл мезгілдерінің аттарын жазыңдар.

	ы			
К		Т		М
Ж				
	Ү	З		

- Эр сөзде неше дыбыс және неше әріп барын айтыңдар.



10-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, жұмбақты көшіріп жазыңдар.

Ж...лт — жылт етк...н
Жырад...н өткен.

(Су)

А... сандығым а...ылды,
Іш...нен жіб...к шаш...лды.

(Күн)

Тиісті әріптер: ы, е, а, қ, ш, і, е, ы.



- Дауысты дыбыстардың астын сыйыңдар.



11-жаттығу. Бос тортөздөргө әріптерді қойып, бірнеше сөз жазыңдар.

б		р
б		р
б		р
б		р

Үлгі: бір,


- Осы жазған сөздерімізді қатыстырып, сөйлем құранғар.

12-жаттығу. Суретке қарап, сөздің келесі буынын аяқтаңдар.

СА —



9



ТО —

СЫЗ —

13-жаттығу. Сөздерді көшіріңдер.

Үш, үкі, үлес, үлкен, әліппе, бақташы.

- Әр сөзде неше дыбыс барын айтыңдар.

14-жаттығу. Сөйлемдерді оқындар.

Қыс келді. аяа райы өзгерді. аппак қар жауды. балалар жылы киінді.

- Әр сөйлемнің бірінші сөзін бас әріптен бастап жазындар.



15-жаттығу. Сөздерді салыстырып оқындар.

Сан — сән.	Тіл — піл.	Сөз — соз.
Іні — ірі.	Ту — су.	Шай — сай.

- Әр жұптағы сөз мағынасы қай дыбыстардың әсерінен өзгеріп түр.



ӘРІП — ДЫБЫСТАРДЫҢ ТАҢБАСЫ

**Дыбыстарды естиміз, айтамыз.
Әріптерді көреміз және жазамыз.
Әріптер бас әріппен және кіші
әріппен жазылады.**

16-жаттығу. Өліпбидегі 42 әріптің өз атын дұрыс айтып, тізілу тәртібі бойынша жаттап алындар.

Баспа түрі	Жазба түрі	Айтылуды	Баспа түрі	Жазба түрі	Айтылуды
А а	А а	а	П п	Пп	пе
Ә ә	Ә ә	ә	Р р	Рр	эр
Б б	Б б	бе	С с	Сс	эс
В в	В в	ве	Т т	Тт	те
Г г	Г г	ге	Ү ү	Үү	үү, у
Ғ ғ	Ғ ғ	ға	Ұ ұ	Ұұ	ұ
Д д	Д д	де	Ү ү	Үү	ү
Е е	Е е	е	Ф ф	Фф	эф
Ё ё	Ё ё	йо	Х х	Хх	ха
Ж ж	Ж ж	же	һ	һ	ха
З з	З з	зе	Ц ц	Цц	це
И и	И и	ый, ій	Ч ч	Чч	че
Й й	Й й	қысқа и	Ш ш	Шш	ша
К к	К к	ка	Щ щ	Щщ	ща
Қ қ	Қ қ	қа	ъ	ъ	айыру белгісі
Л л	Л л	эл	Ы ы	Ыы	ы
М м	М м	эм	І і	Іі	і
Ң ң	Ң ң	эн	Ь	Ь	жінішкелік белгісі
Ң ң	Ң ң	эн	Э э	Ээ	э
О о	О о	о	Ю ю	Юю	йу
Ө ө	Ө ө	ө	Я я	Яя	йа

17-жаттығу. Әліпби тәртібі бойынша берілген сөздерді көшіріп жазыңдар.

Ақку, әтеш, балық, вагон, газет.

- Дауысты дыбыстардың астын сыйыңдар.



18-жаттығу. Kіci аттарын әліпбилік ретімен көшіріп жазыңдар.

Бауыржан, Қазыбек, Төле, Эйтеке, Дидар, Фани, Науаи, Абай, Зулфия, Жомарт.

- Адам аттары бас әріппен жазылатынын есте сактаңдар.



ДАУЫСТЫ, ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ӘРІПТЕРИ



Дауысты дыбыс әріптері: *a, ә, e, ё, и, о, ө, ү, ү, ы, і, э, ю, я, (у).*

Дауыссыз дыбыс әріптері: *б, в, ғ, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, ր, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, (у).*

19-жаттығу. Көп нұктенің орнына тиісті дауыстыларды қойып көшіріп жазыңдар.

Ар..., ...төш, шоф...р, ...нө, д...п, ...рік, б...лт, ...кі, қоң...рау, түлк...

Көп нүктенің орнына пайдаланылатын әріптер: а ə, ё, и, о, ө, ү, ы, і.

20-жаттығу. Көп нүктенің орнына дауыссыз дыбыс әріптерін қойып жазындар.

Сұт тағамдары

Айра..., қайма..., сұ..., ірімші..., шұба..., кілеге....

Тиісті әріптер: н, қ, т, қ, т, й.

- Қай дауыссыз дыбыстарды қойғандарынды атаңдар.



21-жаттығу. Сөздерді қатесіз көшіріп жазындар.

Ат, құлын, балық, аққу, қарға, кекілік, торғай, инелік, үкі.

- Дауыссыз дыбыс әріптерінің астын сызындар.



ЖУАН ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР МЕН ӘРІПТЕР

Жуан дауысты дыбыстар мен олардың әріптері мыналар: а, о, ы, ү.

22-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазыңдар.



Бақа

— Бақа, бақа, балпақ,
Басың неге жалпақ?

— Темір телпек көп киіп,
Басым содан жалпақ.

(Халық ауыз әдебиетінен.)

- Сөздерден жуан дауысты дыбыстарды тауып, астын сызыңдар.

23-жаттығу. Сөздерді қатесіз көшіріп жазыңдар.

Жазылуды:

ақ өшкі
адасу
әуен
бағу
достық
егінжай

Айтылуды:

ағешкі
адасұу
әүөн
бағұу
достұқ
егінжәй

24-жаттығу. Өлеңді оқып, көшіріп жазыңдар.



Торғай

Торғай-торғай топтаған.
Торғайды торғай мақтаған.

Бір торғай ұшса боранда,
Іздеп бәрі жоқтаған.

- Жуан дауысты дыбыстардың астын сыйындар.

25-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді?
2. Дауысты дыбыстарды атаңдар.



26-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазындар.

Тиін

Атым да қыз...қ — тиінмін,
Алм...ны жеп бір түйілдім.
Жаңғақт... қатты тістем...й,
Тастаймын шағы... пістедей!

Тиісті әріптер: ы, а, ы, е, п.

- Жуан дауысты дыбысы бар сөздердің астын сыйындар.





27-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті жуан дауысты дыбыстарды қойып жазындар.

Сар..., ал..., ал...с, Қ...зы, ат..., кин...,
Қ...с, Қ...с.

Тиісті әріптер: ы, а, ы, о, а, о, ұ, ы.

- Сөздің мағынасы өзгергенін байқандар.

28-жаттығу. Нүктелердің орнына **а** немесе **ә** дауысты дыбыстарын қойып жазыңдар.

1. Таң атты.
2. Әсем ...н салды.
3. Атқа жем с...л.
4. С...л ғана жақсы.

- А және ә дауысты дыбыстарының астын сызындар.

29-жаттығу. Жаңылтпашты көшіріп жазындар. *O*, *a*, *ұ* дауысты дыбыстарының (әріптерінің) астын сызындар.

1. Омар ора алар.
2. Тұз — мұздай,
- Омар ора алмаса,
- Мұз — тұздай.
- Орал ора алар.




30-жаттығу. Түсіп қалған дауысты дыбыстарды нүктелердің орнына қойып, сөздерді көшіріңдер.



Л...қ



Қ...зы



аққ...

- Түсіп қалған бұл дауыстылар жуан ба, жінішке ме?



31-жаттығу. Суреттегі заттардың атын жазыңдар.



- Әрбір сөзде неше дыбыс бар екенін анықтаңдар.

Сұрақтарға ауызша жауап беріңдер:

1. Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?
2. Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді?
3. Дауыссыз дыбыстар қайсылар?

32-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жазыңдар.

Қаңтар келді. Қар қалың.
Аппақ әлем бар маңым.
Күн сұтып кетсе де,
Мен сабақтан қалмадым.

(Әбубәкір Қайран).

- Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді табыңдар.



33-жаттығу. Сөздерді оқыңдар.

Сұт, қымыз, ірімшік, шұбат, айран, құрт, қаймақ.

- Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді теріп жазыңдар.

Үлгі: қаймақ,





34-жаттығу. Мақалдарды түсініп оқындар.

1. Ердің атын еңбек шығарады.
2. Малды теппейді, сұтті тәкпейді.
 - Көшіріп жазындар. Жуан дауысты дыбысы бар сөздердің астын сыйзындар.

35-жаттығу. Тыйым сөздерді оқындар.

1. От басын сабама.
2. Инені тістеме.
3. Ернінді тістеме.

(Сейіт Кенжеахметұлы)

- Тек қана жуан дауысты дыбыстары бар сөйлемдерді көшіріп жазындар.



36-жаттығу. Сурет бойынша сөйлем құрастырып жазындар.



- Әрбір сөзде неше дауысты дыбыс бар?



ЖІҢІШКЕ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР МЕН ӘРІПТЕР

Жіңішке дауысты дыбыстар мыналар: ә, е, ө, і, ү, ә, и, (у).

37-жаттығу. Көп нүктенің орнына жіңішке дауысты дыбыстардың тиістесін қойып, көшіріп жазындар.

Тәуірбек пен құшік



Ш...уілдеді күнімен
К...ршіміздің құшігі.
«Білейінші мұны мен,
Мезі етті ғой кісіні», —

Деп қарасам, ш...уілдеп,
Құш...к әлі үріп тұр.
Ал тілазар Тәуірбек
Кес...к атып, к...ліп тұр.

(Тұрап Айдаров.)

- Көп нүктенің орнына қойылуға тиісті әріптер: ә, ө, ә, і, е, ү.
- Сөздерді салыстырып оқындар:

Үрып — үріп. Құлып — күліп. Тұр — тұр. Соз — сөз.

38-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазыңдар.

Айгөлек

Айгөлек-ау, айгөлек,
Айдың жүзі дәңгелек.
Күндей нұрлы шағымда
Күнге жетем өрмелеп.

(Халық ауыз әдебиетінен.)

- Өлең жолдарынан жіңішке дауысты дыбыстарды тауып, астын сызыңдар.

39-жаттығу. Сөздерді дауыстап оқыңдар.

Ән, әйнек, сән, дән, емен, кеме, кептер, өрік, кәбелек, көйлек, көз, ін, іні, білім, үкі, күн, күз, тұлқі.

- Өздерің жіңішке дауысты дыбысы бар бірнеше сөз ойлап жазыңдар.



40-жаттығу. Түсіп қалған дауысты дыбыстарды нұктенің орнына қойып, сөздерді көшіріп жазындар.



Ж ... зім с ... біз

П ... яз

• Түсіп қалған дауысты дыбыстар жуан ба, жіңішке ме?



41-жаттығу. Суреттегілердің аттарын атаңдар.



• Әрбір сөзде неше дауысты дыбыс бар?

42-жаттығу. Суреттегі заттардың атын жазыңдар.



- Әрбір сөзде неше дауысты дыбыс бар?
- Бұл дауысты дыбыстардың қандай дауысты дыбыстар екенін айтыңдар.

43-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жазыңдар.

Отан

Кеудемдегі жаным — Отан,

Жүректегі жырым — Отан.

Тамырдағы қаным — Отан,

Көзімдегі нұрым — Отан.

(Темір Убайдуллаев.)

- Жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді атаңдар.



44-жаттығу. Көп нүктенің орнына берілген жіңішке дауыстылардың тиістісін қоюындар.

...нер қу да ерінбе,
Оған жетс...н—
Фажап-ак!
Қор болмайды тег...нде,
Өнери бар азамат?!

(Мақсұт Неталиев.)

Керекті жіңішке дауыстылар: ө, і, е.

- Ө, і, е әріптерінің жіңішке болып дыбысталуын аңғарындар.



45-жаттығу. Көп нүктенің орнына берілген жуан дауысты дыбыстардың жіңішке сыңарларын тауып жазындар.

Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ы, ұ.
Жіңішке дауысты дыбыстар: ...

- Жуан және жіңішке дауыстыларға қатысты сөздерді айтындар.

Үлгі: Ана.

46-жаттығу. Сөздердің дыбысталуын салыстырып оқындар.

ал — әл
сал — сәл
сан — сән

сырға — сірге
ыстық — істік
қиып — киіп

• Жұптастырылған сөздердегі а, ә, ы, і дауысты дыбыстарының өзара үқсас дыбысталуын байқаңдар.

47-жаттығу. Көп нүктенің орнына жіңішке дауыстылардың тиістісін қойып, көшіріп жазындар.

Анам менің

Анам — м...нің к...ктемім,
Көктемде мен көктедім.
Ж...рде өстім жайқалып,
Нұрландырды көкте к...н.



(Рахматулла Мұхитдинов.)

Көп нүктенің орнына қойылуға тиісті әріптер: е, ө, ә, ү.



48-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазындар.



Күнбағыс

Бақшаның сәні де,
Көркі де — күнбағыс.
Күн ұзын бәрі де
Қарайды Күнге алыс.

(Мубәрак Жаманбалинов.)

- Жіңішке дауысты дыбыстардың астын сыйзындар.
- Салыстырып оқындар:

Көрік — көркі. Сан — сән. Шақырт — шәкірт.



Сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

1. Жуан дауысты дыбыстар нешеу?
2. Жіңішке дауысты дыбыстар нешеу?
3. Жуан дауысты дыбыс әріптері қанша?
4. Жіңішке дауысты дыбыс әріптері нешеу?



49-жаттығу.

Сурет бойынша әңгіме құрас-
тырыңдар.



- Әңгімелеріңе «Әдептілік белгісі — иіліп сөлем бергені» деп жазып қойыңдар. Жазған әңгімелеріңің ішінен дауыссыз дыбыстарды тауып, астын сыйыңдар.

50-жаттығу. Өлеңді оқып, көшіріп жазыңдар.

Есік

Көмектесем анама,
Тербетемін бесікті.
Кіріп-шықсам далаға,
Жауып жүрем есікті.

(Ауыт Мұқибекұлы.)

- Тербетемін, бесікті, жүрем деген сөздердегі дауысты дыбыс әріптерінің астын сыйыңдар.



51-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, қатесіз жазындар.



Тү

Кие тұтам туды,
Түмен өмір нұрлы.
Шың басына ілем,
Шалқып-тасып жүрем.

(Бекқожа Жылқыбекұлы.)

- Өлеңнің әр жолы қай дыбыстан бастап жазылған?



ЖУАН АЙТЫЛАТЫН СӨЗДЕР

Сөз ішіндегі дауысты дыбыстар жуан болса, сөз де жуан айтылады.

Мысалы: Отан, асыл, бала, қоян, құлын, тай.

52-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазындар.

Фылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба.

(Абай.)

- Жуан айтылған сөздердің астын сыйындар.

53-жаттығу. Көп нүктенің орнына **а**, **о**, **ы**, **ы**, **ү**, **ү** сияқты жуан дауысты дыбыстардың тиістісін қойып көшіріңдер.

Д...ла, ...тан, жаңб...р, ...дыс, ...ста, ...я, қ...рылыс.

- Сөздердің не себептен жуан айтылатынын түсіндіріңдер.



54-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазыңдар.

Әже

Мейірімі — жел жібек,
Күндей ыстық құшағы.
Ет жүрегі елжіреп,
Құлымым деп құшады.



(«Балдырған» журналынан.)

- Жуан айтылған сөздерді атаңдар.



55-жаттығу. Жұмбақты оқып, шешуін табыңдар.

Өз қалпағын жасынан
Тастамайды басынан.

(Көпен Әмірбеков.)



- Неше сөз жуан айтылған?

56-жаттығу. Мына тортөздөрдің ішінде жазылуға тиісті жануарлардың, аңдардың, жәндіктердің үш әрпі түсіп қалған. Олар: мыналар: *ылқ*, *ира*, *ыла*. Енді осы түсіп қалған үш әріптерді орнына қойып жазыңдар.

Ж				ы
---	--	--	--	---

Ж				ф
---	--	--	--	---

Ж				н
---	--	--	--	---



- Жуан айтылған сөздердің санын айтыңдар.



57-жаттығу. Салыстырып оқыңдар.

- | | |
|---------------|-------------------|
| 1. Жал — жел. | 4. Шаш — шеш. |
| 2. Жар — жер. | 5. Қозы — көзі. |
| 3. Бал — бел. | 6. Тарақ — терек. |

- Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді теріп жазыңдар.





ЖІҢІШКЕ АЙТЫЛАТЫН СӨЗДЕР

58-жаттығу. Жаңылтпашты оқындар. Нұктелердің орнына тиісті жіңішке дауысты дыбыс әріптерін қойып жазындар.

Ең...шті женг...н ең к...шті

Ертіс п...н Ж...ңіс тең түсті.

(Байбота Серікбайұлы.)

Тиісті әріптер: і, е, ү, ө, ә.

59-жаттығу. Жемістерді өз орнына қоюындар.



а...з



қ...р



м...з



ша...а

Сөз ішіндегі дауысты дыбыстар жіңішке болса, сөз де жіңішке айтылады: кі-лем, гү-лі, дә-нек.



60-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Ана

Күлімдеген көзінен
Күн мейірімі сезілген.



Бұл жалғанда балаңа
Жақын жан жоқ өзіңнен.

(Әнуарбек Дүйсенбиев.)

- Жіңішке айтылған сөздерді табыңдар.



61-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазыңдар.

Атасы да әб...г...р,
Әж...с... де әбігер.
Қылышына Қас...ннің
Қынжылады к...рілер.

(Болат Үсенбаев.)

Тиісті әріптер: i, e; ə, ī; ə; ə.

- Көп нүктенің орнына қандай дауысты дыбыстарды қойдыңдар?

62-жаттығу. Суреттегі заттардың атын жазыңдар.



- Бұл сөздердің жіңішке айтылғандығын байқаңдар.

63-жаттығу. Жұмбақты оқып, көшіріп жазыңдар.

Тікен-тікен киімін еш шешпейді,
Жыланың да алдын оның кеспейді.



- Жіңішке дауысты дыбысы бар сөздердің астын сызыңдар.



64-жаттығу. Суреттегілердің атын жазып, сөйлем құрастырыңдар.



- Құрастырылған сөйлемдердегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың астын сыйындар.

- *Kіrpі, ит, ешкі* сөздеріндегі қай сөз дауыссыз дыбыспен аяқталған?



КІШІ ӘРІПТЕН БАСТАЛЫП ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР



Белгілі бір заттың аттары кіші әріпpen жазылады. Мысалы: дәптер, қалам, кітап, қарындаш.

65-жаттығу. Сөздерді көшіріндер. Дауысты дыбыстардың астын сыйындар.

Апа, аға, іні, қарында, дария, өзен, көл, бұлақ.

- Әуелі туыстық атауларды, содан соң су аттарын жазындар.

66-жаттығу. Жаңа сөйлемдерді бас әріптен бастап жазындар.

Айнүр — оқуға ынталы қыз. сабактан кешігуді білмейді. оқулықтарын таза үстайды. сабактан кейін апасына көмектеседі.



67-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді (дыбыстарды) қойып, көшіріп жазындар.

1. Т...уға бардық. 2. Біз ...ауды жақсы көреміз. 3. Аққу — киелі қ...с.

Тиісті әріптер: ұ, т, а.



БАС ӘРІПТЕН БАСТАЛЫП ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

**Сөйлем бас әріптен басталып
жазылады.**

68-жаттығу. Мәтінді оқып шығындар.

Таң атты. Егіс даласы. Қара жер.
Көк аспан. Жаратылыс жарқырап тұр.

• Әр сөйлем қай әріптен бастап жазылды?

69-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жазындар.

Көктем гүлі — даланың
Көркі, сәні, ажары.



Біз боламыз ананың
Бақыты мен базары.



(Шаймерден Әлдибекұлы.)

- Бас әріппен жазылған сөздердің астын сызындар.



70-жаттығу. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, бас әріптен бастап жазындар.

... күтімі жақсы.

... құстарға тас атпайды.



Керекті сөздер: құстардың, ба-
лалар.



АДАМ АТЫ-ЖӨНІНІҢ БАС ӘРІПТЕН БАСТАЛЫП ЖАЗЫЛУЫ

Адамның аты-жөні бас әріптен
басталып жазылады. Мысалы:
**Айбек, Нұрлан, Абдулла Қадыри,
Зулфия, Төлеген.**

71-жаттығу.

Мәтінді көшіріп жазыңдар.

- Басына сәлде ораған қай ата?
- Әлішер Науай бабамыз.
- Тақиялы кісі кім?
- Бұл — Абай Құнанбаев ба-
бамыз.



- Адам аттарының бірінші әрпі неге бас әріппен жазылған?

72-жаттығу. Әр сөйлемнен соң дауыс
кідірісін жасап оқыңдар.

Бүгін **Мақсат** кезекші болды. Ертең **Арман** кезекші болады. **Игілік** кезекші болғанда да сынып таза тұрады.

- Қарамен жазылған сөздерді көшіріп жазыңдар.
- Сөйлемдегі кісі аттарын атаңдар.



73-жаттығу. Суреттегі балаларға ат қоюып, сөйлем құранғдар.



Үлгі: Мынау — Асан. Ол Тойтөбе-де тұрады.



ЖЕР-СУ АТТАРЫНЫҢ БАС ӘРІПТЕН БАСТАЛАЛЫП ЖАЗЫЛУЫ

Жер-су аттары бас әрітен басталып жазылады.

**Мысалы: Өзбекстан, Ташкент,
Сырдария, Нұрата, Бостандық.**

74-жаттығу. Әр сөйлемнен соң дауыс кідірісін жасап оқындар.

Нұр шашқан — Нұратам,
Нұратам — нұр Отан,
Нұр Отан — бұл Отан,
Бұл Отан — ұлы Отан!

- Нұрата сөзінің екі жерде бас әріппен жазылу себебін түсіндіріңдер.

75-жаттығу. Сөйлемдерді оқып, көшіріп жазыңдар.

Өмірзақ Қожамұратов Үшқұдықта жасаған. Ол Ташкентке көп келген. Сырдария өзенін жақсы көрген. Қызылқұмды бәрінен де артық сүйген.

- Бас әріппен жазылған сөздердің астын сыйыңдар.



76-жаттығу. Сөздерді оқыңдар.

Жақсылық, Жызак, Сырбай, Сырдария, Гүлназ, Гүлстан, Қарабай, Қаратай, Самарбек, Самарқант.

- Әуелі адам аттарын, содан соң жер-су аттарын теріп жазыңдар.



ҮЙ ЖАNUАРЛАРЫ АТТАРЫНЫҢ БАС ӘРІПТЕН БАСТАЛАП ЖАЗЫЛУЫ

**Үй жануарларына арнайы қо-
йылған аттар бас әріппен жазыла-
ды: *Мойнақ, Байқоңыр.***

77-жаттығу.

Сөздерді оқыңдар.

Құттөбет, Құлагер, Сырттан, Тайбурыл, Қарабайыр, Қарабас, Құтжол, Бөрібасар.

- Жылқы мен ит аттарын топтап жазыңдар.

Үлгі: 1. Құлагер,
2. Құттөбет,

78-жаттығу.

Өлеңді көшіріп жазыңдар.

Кіріп келер Байқоңыр
Енгенімде үйге мен.
Сатпақ-сатпақ жүрмеуді
Сиырдан да үйренем.

(«Балдырган» журналынан.)

- Мал атының астын сызыңдар.



79-жаттығу.

Жаңылтпашты қатесіз көшіріп жазыңдар.

Асхат қасқа ат мінді,
Мақсат басқа ат мінді.
Асхат жасқап тұрды,
Мақсат тас қаптырды.

- Қандай сөздер бас әріппен жазылғанын айтыңдар.





БУЫН

Дауысты дыбыстарды қайталайық.
Олар мыналар: **а, ә, е, ё, и, о, ө, ү,
ұ, ы, і, ә, ю, я, (у)**.

80-жаттығу. Буындардан сөз құрайық.



- Құраған сөздеріңдегі дауысты дыбыстардың астын сыйындар.

81-жаттығу. Жаттығуды қатесіз көшіріңдер.

1. А-дам. Ә-деп. Мұ-рат.
 2. Ба-лау-са. Жақ-сы-лық. Ке-ле-шек
- Екі қатардағы сөздердің буын сандарын салыстырындар.

Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады: от, а-та, ме-ре-ке, бей-біт-ші-лік.

Мысалы: өс, өн, тас, бес деген сөздерде дауысты дыбыс біреу-ақ. Сондықтан бұлар — бір буынды сөздер.

Ұс-таз, үш-қыш, дүр-бі, сұр-гі деген сөздерде екі-екіден дауысты дыбыс бар. Бұлар екі буынды сөздер деп аталады.

Қар-лы-ғаш, а-рыс-тан деген сөздерде үш-үштен дауысты дыбыс бар. Бұлар үш буынды сөздер қатарына жатады.



82-жаттығу. Сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, сіңлі.

- Бірінші буынның неше дыбыстан құралғанын айтыңдар.



83-жаттығу. Буынға бөлінген сөздерді көшіріп жазыңдар.

шерт-пе

.....

жұ-мырт-қа

.....

ы-мырт

....

тәрт-те

.....

құ-мырс-қа

.....

шо-мырт

.....

- Екі дауыссыз қатар келген сөздерді атаңдар.

84-жаттығу. Буынға бөлу кестесіне көніл бөліндер.

Буынға бөлу үлгісі	й, ң, у дыбыстарынан басталатын буындар
мо-йын	Жайық, ойыншық, жайын,,
ко-ңыр	жаңылтпаш, жеңіл,
са-уық	тауық, бауыр, дауыс,,

- й, у, ң дыбыстарының екі дауысты дыбыстардың ортасында келіп тұрғанын байқандар.



85-жаттығу. Екі буынды сөздерді теріп жазыңдар.

Қар бүгін еріді. Күн біраз жылышынды.
Мал көкке жайылды. Шымшық ағашқа қонды. Айдана шаңғы тепті.

- Бір буынды сөздердің дыбыстық құрамын атаңдар.





86-жаттығу. Мәтінді мәндерлеп оқыңдар.

Ұялып қалды

Көктемде Серік пен Берік алма түбін қопсытты. Ерік көмектеспей, теріс айналып тұрды. Жазда алмалар пісті. Серік пен Берік Ерікке алма берді. Серік Еріктен:

— Шырын ба екен? — деп сұрады.
Ерік ұялғаннан қызыарып кетті.

(«Балдырган» журналынан.)



- Мәтіндегі кісі аттары мен жеміс ағашының атын буынға бөліп жазындар.

Үлгі: Се-рік, Бе-рік,

- 87-жаттығу.** Суретте бейнеленген заттардың атын атаңдар.



құ-...

дом-бы-...

ке-сірт-...

- Көп нүктенің орнына тиісті буынды жалғап, көшіріп жазындар.



- 88-жаттығу.** Мақалдарды оқып шығып, сөздерді буынға бөліп жазындар.

Алтын алма, алғыс ал.

Өнерлінің өрісі ұзақ.

- Сөйлем құрамындағы сөздер қандай дыбыстардан құралған?





ТАСЫМАЛ

Сөз жолға сыймай қалса, онда ол буынға бөлініп, екінші жолға жазылады. Мұны тасымал деп атайды.

Бір буынды сөздер тасымалданбайды: ат, от, қант.

Бір дыбысты буыны бар екі буынды сөздер де тасымалданбайды: Ә-мір, ө-зен, ми-я, си-я.

89-жаттығу. Екінші жолға бөлініп жазылған сөздерді көшіріп жазыңдар.

Алма	ал-	алма-	алмалар-
	ма	лар	ға

- Тасымалданған сөздердің соңынан дефис (қысқа сызықша) қойылғанын аңғарыңдар.

90-жаттығу. Тасымалданбайтын бір ғана буынды сөздерді теріп жазыңдар.

Көлшік, көл, көктем, көк, байлық, бай, қой, қойши, бал, балық, көз, көзілдірік.



91-жаттығу. Суреттегілердің аттарын тасымалдалап жазындар.



Үлгі: то-тықұс,



A, Ә дауысты дыбыстары

A дыбысы – жуан дауысты дыбыс: аға, жаға, бала.

92-жаттығу. А әрпінен басталатын сөздерді көшіріп жазындар.

Ар, ал, ак, ата, ана, аспан, Асқар.

• **Ата, ана, Асқар** сөздерін қатыстырып, уш сөйлем құрандар.

93-жаттығу. А әрпінің дыбысталуы мен жазылуына көңіл бөліндер.



Жұмбак

Алма дерсің
Түсіне қарап.

Жүгері дерсің
Ішіне қарап. (□□□□.)

(Тұрап Айдаров.)

А дыбысы сөздің басында, ортасында және соңында да кездесе береді.



94-жаттығу. Жұмбақты оқындар.

Әріпжұмбак

Бақшада бар екеуі,
Тағы екеуі **шақшадан**.
Таптық және екеуін
Қалта менен **бақшадан**.

(А әрпі.)

- Қарамен жазылған сөздерді теріп жазындар.



Ә дыбысы — жіңішке дауысты дыбыс: әже, әке, әпке (әпше).



95-жаттығу. Көп нүктенің орнына **а** дауысты дыбысын қойып жазындар.

...К, ...Н..., С...Н..., кіт...П, емх...Н... .

96-жаттығу. Сөздерді көшіріп жазыңдар.

Ә дыбысының қай дауысты дыбысқа үқсайтынын айтыңдар.

Ән, сән, әк, әке, әкел, әскер, дән, дәует, әңгіме, мәз.



ә-теш



сә-біз



әң-ге-лек

- Суреттердің астындағы сөздерді дұрыс оқыңдар. Осы үш сөзді қатыстырып, сөйлем құрастырып жазыңдар.



97-жаттығу. Қарамен жазылған сөздерді дауыстап оқыңдар.

- Әндіжан** — облыс орталығы.
- Әлия** — өте зейінді қыз.
- Әже** — әкең мен анаңың анысы.
- Әдеп** — адамдықтың белгісі.

- Қарамен жазылған сөздерді теріп жазыңдар.





О, Ө ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРЫ

О дауысты дыбысы О (дөңгелек) белгісімен таңбаланады.

98-жаттығу. Сыныптастарыңың арасында есімдері **О** әрпінен басталып жазылатын оқушылардың атын жазыңдар.

Омар, Онғар, Олжа, Орынгүл, Ортай, Ордабек, Орынша, Оспан.

- Бас әріптен басталып жазылған адам аттарын қатесіз көшіріп жазыңдар.

О дыбысы — жуан дауысты дыбыс.

Сөздің басында, ортасында көбірек келеді. Сөздің соңында да келеді: кино, пианино.

99-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, мәтінді көшіріңдер.

1. ...сы сәтті Оспан да күтіп еді.
2. ...рынбек қолжуғышқа су құйды.
3. Сау б...ламын десен, таза жүр.



100-жаттығу. Мақалдарды мәнерлеп оқып, көшіріп жазындар.

Отан — оттан да ыстық.

Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.

- Мақалдардан **о** дыбысы бар сөздерді тауып, астын сыйындар.



Ө дыбысы — жіңішке дауысты дыбыс: өмір, өнір, көбелек. Сөздің соңында ө дыбысы кездеспейді.

101-жаттығу. Суреттегі заттардың атын атап, көшіріп жазындар.



102-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазындар.

...мір, к...мір, ш...п, к...ктем,
к...мекші. ...нер, ...рік.



103-жаттығу. Сөздердің дыбысталуын салыстырып оқындар.

- | | |
|---------------|-------------------|
| 1. Он — өн. | 4. Орыс — өріс. |
| 2. От — өт. | 5. Ор — өр. |
| 3. Қол — көл. | 6. Соғыс — сөгіс. |

• Қатар тұрған сөздердің мағыналық айырмашылықтары неге байланысты екенін айтындар.



Ы, І ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРЫ

104-жаттығу. Сөздерді оқындар.

Ыс, ыстық, ырыс, ынтымақ, сыпыш-ғыш.

• Көп нүктенің орнына тиісті дауысты дыбыстарды қойып көшіріндер.

ТОҒ...з, сар..., ж...лан, қон...р.

Ы дыбысы — жуан дауысты дыбыс: ырыс, ылди, алты.

Жуан буында ы жазылады: ба-лық, ха-лық.

105-жаттығу. Суретте кім, не бейнеленген? Атын атап, буынға бөліп жазыңдар.



- Ұ, ы дауыстылары қай буындарда айтылып тұрғанын айтыңдар.



106-жаттығу. Өтірік өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын айтыңдар.

Тауды түртіп құлаттым,
Шерткен тасым ұн болды.
Талды тартып сұлаттым,
Басыма кеп күн қонды.
(Ысмайыл Қасымов.)

- **Ы** дауысты дыбысы бар сөздерді көшіріп жазыңдар.



 **107-жаттығу.** Берілген сөздерді тұтас оқыңдар.

Із, ізет, ізгілік, Ізтай, ірімшік, тұлқі,
тұлік, бір, білім, бөлім, тіс, бәрік.

**/ дыбысы — жіңішке дауысты
дыбыс: іл, іл-гіш, бі-лім.**

**Жіңішке буында і жазылады:
і-рі, бір, і-ні, і-лім, іл-гіш.**

108-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. ...зет апай нан жапты. 2. К...шкентай немерес...не құлше берд... .
3. Құлше тәтт... екен.

• Ізет, Кішкентай, Құлше сөздерінің бас әріптен жазылуын түсіндіріңдер.

**Ы, і дыбыстарына аяқталған
заттың қимылын білдіретін (оқы,
тоқы, өрбі) сөздерге у дыбысы
қосылғанда, соңғы ы, і дыбыстары
түсіп қалады.**



109-жаттығу. Көшіріп жазындар.

1. Оқы — оку. 3. Алты — алтау.

2. Шоқы — шоқу. 4. Жеті — жетеу.

• Салыстырып оқындар. Соңғы ы, і дыбыстарының түсіп қалғанын байқаңдар.

Ы дауысты дыбысы дыбысталуы жағынан і дауысты дыбысына үксайды. Салыстырып оқындар: ыс — іс, тыс — тіс.



Ү, Ү ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРЫ

110-жаттығу. Суретте бейнеленген заттардың аттарын атаңдар.



- Осы сөздерді қатыстырып төрт сөйлем құраңдар.

Үлгі: Тікүшак ұшты.


111-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті ү дауысты дыбысын қойып, көшіріп жазыңдар.

Ж...рт, б...лт, қ...рт, ...шқыш, т...р, ...л.



112-жаттығу. Жаңылтпашты оқындар. Кіші әріппен жазылған сөздерді бас әріппен жазындар.

ұқыпты бала
кітапты түптеп тастады.
ұқыпсыз бала
кітапты бүктеп тастады.



- **Ұ** дыбысынан басталған сөздердің астын сыйындар.

Салыстырып оқындар:

Сұр — сұр. Бұр — бұр.



Ұ — жуан дауысты дыбыс. Ұ дауысты дыбысы ү жінішке дауысты дыбысының ұқсас дыбысталады:
ұн — үн, тұр — тұр, жүқ — жүк

113-жаттығу. Көп нүктенің орнына ү дауысты дыбысын қойып, буынға бөліндер.

...міт, ...лкен, ...ңгір, т...н, т...йме,
ж...рек, к...шік.

- Ұ дауысты дыбысының ү дауысты дыбысына ұқсайтынын аңғарындар.

Ұн — үн, ұмыт — үміт.

114-жаттығу. Суреттегі заттардың атын атап, буынға бөліп жазыңдар.



...-кі



т...л-кі



ж...-зім

• *Үкі, тұлқі, жүзім сөздеріндегі буындардың неше дыбыстар құралғанын айтыңдар.*



115-жаттығу. Жаңылтпаштарды көшіріп жазыңдар.

Үш қышқа үшқыш үш құс қонды.



• Салыстырып оқыңдар: үшқыш | үш құс.



Қ, К дауыссыз дыбыстары

116-жаттығу. Сөздерді көшіріп, Қ дауыссыз дыбысының астын сыйыңдар.

Қар, қала, Қоқан, қоза, тарақ.

• Сұраққа жауап беріңдер.

Қ әрпінен басталып, қ әрпіне аяқталатын қандай ұлттар бар?

Үлгі: қарақалпак,

117-жаттығу. Суреттегі заттардың атын атап, буынға бөліп жазыңдар.



• Аты аталған сөздердегі қ дыбысының астын сыйыңдар.



118-жаттығу. Көп нүктенің орнына қ дауыссыз дыбысын қойып жазыңдар.

...ант, ...анат, халы..., ...асқыр, шынаша..., құла..., ...алпа....



119-жаттығу. Өлеңді оқып, көшіріп жазыңдар.

Мысық ішті

Сүттің бәрін ішіп кеп,
Аузын сұртті Жүсіпбек.

«Кім ішті?» — деп сұрап ек,
Жауап қатты: «Мысық!» — деп.

(Файзолла Жұмақұлов.)

- **K** дыбысының жіңішке айтылатынын аңғар. **Қал** — жуан айтылған сөз. **Кел** — жіңішке айтылған сөз. Екі сөзді салыстырындар.

120-жаттығу. Суреттегі заттардың атын атаңдар.



- Көп нүктенің орнына **K** дауыссыз дыбысын қойып оқындар.

...ітап, ...ептер, ...өйлек, ...үрек.

- Сөздерді буынға бөліп оқындар.



121-жаттығу. Суреттегі сандарды сөзбен жазындар.

2

8

9

40

- Осы сөздердегі **Қ, Г, Ф, Қ** дыбыстарының астын сыйындар.



122-жаттығу. Жаңылтпашты көшіріп жазындар. **Қ** дыбысы бар сөздерді табындар.

Қызығыш құс
Түзде ұшқыш.
Жүзгіш құс
Күзде ұшқыш.

(Файзолла Жұмақұлов.)



- **Қ** дыбысының жуан, **қ** дыбысының жінішке айтылатынын аңғарындар.

Ақ—әк, асқар—әскер, бұқ—бұқ.

123-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңдер:

Жылдың бірінші мезгілі не деп аталауды?

Дүниені не арқылы көресің?
Арықты немен тартады?

- Сөздерді оқып, **қ** дауыссыз дыбысы бар сөздерді буынға бөліп жазындар.

Көз, кесе, көгершін, кеме, көл, еңбек, кәбелек.



124-жаттығу. *Ү* дыбысының (әрпінің) орнын анықтаңдар.

K		H
T		H

J		H
J		K

- *K* дауыссыз дыбысының сөздің қай орындарда келгенін айтыңдар.



K, F Дауыссыз дыбыстарының жуан айтылуы

K, F — жуан айтылатын дауыссыз дыбыстар.

Мысалы: *ақ, құлын, қызғалдақ, сандық, қағаз, жаға, шағала.*

125-жаттығу. Көшіріп жазып, **K, F** дыбыстары бар сөздердің астын сыйыңдар.



Мияуқаным, мысығым —
Тыным таппас пысығым.
Ырылдаса күшігім,
Зәресінің ұшуын.

(Болат Үсенбаев.)

- Салыстырып оқындар:

Мысы **Қ**— мысы **Ғ**ым.

Пысы **Қ**— пысы **Ғ**ым.

126-жаттығу. **Қ**, **ғ** дыбыстарының қандай буындарда келетініне көніл аударындар.

1-буында немесе сөз басында	2-буында немесе ортасында	3-буында немесе сөз соңында
Қаз Қазан Қыс Ғалым Ғылым	балға Асқар соқа қағаз жалғыз	асқабақ тасқайрақ құмалақ жалбызға сылдырмағы

Сөз соңындағы қ дыбысынан (әрпінен) кейін дауысты дыбыс келсе, қ дыбысы ғ дыбысына (әрпіне) айналады: қазы **Қ — қазы **Ғ**ы, қаза **Қ** — қаза **Ғ**ы, жұмба **Қ** — жұмба **Ғ**ы.**



127-жаттығу.

Кестені көшіріп жазыңдар.

Сөз	Ы дыбысы жалғанған соң
құлақ	құлағы
бұлақ	бұлағы
жарық	жарығы

- **Ы** дыбысын қосып оқығанда не байқадыңдар?



128-жаттығу. Суреттегі заттардың атын жазыңдар.



Менің ...

Сенің ...

Оның ...

Сіздің ...

- Тауық, қызғалдақ, ұшақ сөздерін жазған сөздеріңмен салыстырыңдар.

129-жаттығу. Сөздердің соңындағы **Ы** әрпін алып тастанап, көшіріп жазындар.

Шоғы, шопағы, шашағы, домалағы, аяғы, таяғы, шуағы.

Үлгі: ШОҒЫ — ШОҚ, ...

- Сөздің мағынасын түсініп алындар.



130-жаттығу. Көп нұктенің орнына **Қ**, **Ғ** әріптерінің тиістісін қойып жазындар.

Тұыстық атаулары: а...а, на...ашы, ...ұда.

Мамандықтар атаулары: мұ...алім, ұш...ыш, ба...бан.

- **Қ**, **Ғ** дыбыстарының жуан айтылғанын байқаңдар.



К, Г ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЖІҢІШКЕ АЙТЫЛУЫ

131-жаттығу. **Қ**, **ғ** дыбыстарының қандай буындарда келетініне көңіл бөліндер.

1-буында	2-буында	3-буында
көктем кірпі кеме гүл газет	өрік терек тәсек сұлғі сүргі	дегелек ебелек дәңгелек үйрегі бүйрегі

Сөз соңындағы *к* дыбысынан кейін дауысты дыбыс келсе, *к* дыбысы *г* дыбысына айналады: **есік — **есігі**, **тәсек** — **тәсегі**, **шелеқ** — **шелеғі**.**

132-жаттығу. Сөздерге *і* дыбысын қосып жазыңдар.

Кек, күшік, кіндік, кірпік, киік, елік, егістік.

Үлгі: Кек — көгі, ...

133-жаттығу. Суреттегі заттардың атын жазыңдар.



Менің...

Сенің...

Оның...

Сіздің...

- *Өрік, көйлек* сөздерін құрастырып жазған сөздеріңмен салыстырыңдар.

134-жаттығу. Сөздер соңындағы *i* әрпін алып тастап, көшіріп жазыңдар.

Көйлегі, көбігі, көзілдірігі, кекілігі, жібегі, жілігі, киігі, иегі.

Үлгі: Көйлегі — көйлек, ...

- Сөздің мағынасын түсініп оқыңдар.



135-жаттығу. *K, г* әріптері бар сөздерді теріп жазыңдар.

Мектебім — бесігім,
Мектебім — бесігім,

Мен үшін әрқашан,
Ашық түр есігің.

(Ертай Ашықбаев.)

Үлгі: мектебім, ...

- *Есік, бесік* сөздерінің қандай өзгеріске ұшырағанын айтындар.



СӨЗ

**Сөз дыбыстардан құралады: а-р,
а-р-а, а-р-а-л-а-р.**

136-жаттығу. Мәтінді кезектесіп оқындар.

- Бұл кім?
- Бұл — **адам**.
- Ол қандай адам?
- Ол — **жақсы** адам.
- **Жақсы** адам нешеу?
- Жақсы адам **біреу**.

- Адам, біреу деген сөздер мағыналық жақтан басқа-басқа ұғым беретінін анғарындар.

137-жаттығу. Мына сөздердің жаңына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазындар.

Көк, терең, биік, үш.

Тиісті сөздер: аспан, арық, үй, кітап.

Үлгі: көк аспан, ...

- Көк аспан, үш үй сөздеріне сұрақ қоюндар.



138-жаттығу. Сөздерді салыстырып оқындар.

Домбыра — домбыраши.

Балық — балықшы.

Ән — әнші.

Қой — қойшы.

- Сөздердің әрқайсысының мағынасы әртүрлі екенін байқадындар ма?
- Сөздерді көшіріп жазындар.



KIM?, NE? СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРЕТИН СӨЗДЕР

139-жаттығу. Суретте бейнеленген адам аттарын атаңдар.



Kім?



Kім?



Kім?

- Ата, ана, бала сөздерін қатыстырып үш сөйлем құранғар.
- Бұл сөздер қандай сұрақтарға жауап беріп тұр?

Бір адамға кім?, көп адамға кімдер? сұрағы қойылады.

140-жаттығу. Сөздерді көшіріп жазыңдар.

кім?

Оқытушы

Дәрігер

Әнші

Ұста

кімдер?

оқытушылар.

дәрігерлер.

әншілер.

ұсталар.

- Кім? деп сұрақ қойылған сөзді кімдер? деп сұрақ қойылған сөздермен салыстырындар. Қандай айырмашылықты байқадындар?

Заттың атын білдіретін сөздер *кім?, кімдер?, не?, нелер?* деген сұрақтарына жауап береді.

Адамға *кім?, кімдер?, жануарлар мен заттарға не?, нелер?* сұрақтары қойылады.



141-жаттығу. Суретте бейнеленген заттардың аттарын атаңдар.



Не?



Не?



Не?



Не?

- Қоян, кірпі, кәбелек пен қүшік сөздерін қатыстырып 3 сөйлем құрандар.


Үлгі: Бұл — қоян.





142-жаттығу.

Сөзжүмбақты суреттерге қарап шешіңдер.



- Сөзжүмбақ шешуі болған екі сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастырып жазыңдар.

143-жаттығу.

Суреттегілердің аттарын сөзбен жазыңдар.

- үшып барады.
- жыртқыш ан.
3. Бұл —
4. Ала жайылып жүр.

- Аralар, қасқыр, аю, сиыр сөздерінің төбесіне сұрақтарын жазыңдар.

не?

Үлгі: сиыр, ...



144-жаттығу. Сөздерді үлгі бойынша көшіріп жазыңдар.

Ата, теніз, әже, өзен, әке, дария, ана, көл, аға.

Үлгі: 1. Тұыстық атаулар: ата, ...
2. Су аттары: теніз, ...

- Қай атаулар қандай сұраққа жауап болатынын айтыңдар.



ҚАНДАЙ?, ҚАЙ? СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРЕТИН СӨЗДЕР

145-жаттығу. Жемістер аттарын ата.



- 2. Қызанак, бақлажан, сәбіз, қиярлардың түсі мен дәмі қандай?

146-жаттығу. Көп нүктенің орнына қандай?, қай? сұрақтарына жауап болатын сөздердің тиістісін қойып жазыңдар.

- | | | |
|---------------|---------------|---------------|
| 1. ... үй. | 2. ... гүл. | 3. ... су. |
| 4. ... тұлкі. | 5. ... аспан. | 6. ... кітап. |

Тиісті сөздер: үлкен, қызыл, таза, қу, ашық, қалың.

Үлгі: Қалың кітап, ...

Қандай?, қай? сұрақтарына жауап беретін сөздер заттың түрін, түсін және көлемін білдіреді.



147-жаттығу. Мына сөздердің түсіна қарсы мәндегі сөздерді тауып жазыңдар.

Ақ —	Ыстық —
Жақсы —	Қатты —

Үлгі: Қараңғы — жарық.

• Қандай?, қай? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын сызыңдар.



148-жаттығу. Көп нүктенің орнына қандай?, қай? сұрақтарына жауап береттін сөздерді қойып жазыңдар.


... мектеп, ... сынып, ... бөлме, ... қоңырау, ... дәптер, ... бор.

Үлгі: Жаңа мектеп, ...

Тиісті сөздер: қалың, жаңа, жарық, үлкен, таза, аппақ.

• *Кім?, не? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын бір, қандай?, қай? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын екі сызыңдар.*

149-жаттығу. 1. Сөзжұмбакты суретке қарап шешіңдер.




- Осы сөздердің алдына қандай? деген сұраққа жауап болатын сөздерді қосып, сөйлем құрастырыңдар.

Үлгі: Үлкен нар.



150-жаттығу. Суретке қарап, үл, қыздың киімі, жағалау, қыр, су және үйректердің түстерін жазыңдар.



- Үлгідегідей сөздерге сұрақ қойыңдар.

қандай?

Үлгі: Қоңыр етік.





ҚАНША?, НЕШЕ? СҮРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРЕТИН СӨЗДЕР

151-жаттығу. Суретте бейнеленген заттардың санын анықтау үшін қандай сұрақ қоюға болады?



- Жауаптарыңды жазыңдар.

Үлгі: Неше шәйнек? — Бір шәйнек.

152-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Үш өрік.
2. Бес тал.
3. Алты қаз.
4. Он мектеп.
5. Он бір дәптер.

• Қай сөзге қанша?, неше? деген сұрақ қоюға болатынын айтыңдар.



153-жаттығу. Сандар қатарын сөзбен жазыңдар.

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

• Қалаған сандарыңа үш сөйлем құрастырыңдар.





Қанша?, неше? деген сұрақтарға жауап беретін сөздер заттың санын, ретін білдіреді: бір, екі, екінші, үшеуі.

154-жаттығу. Мақалдарды көшіріп жазыңдар.

1. Жақсы атқа бір қамшы.
 2. Ат төрт аяғы болса да қағылады.
 3. Санамай сегіз деме.
- Санды білдіріп тұрған сөздердің астын сызыңдар.

155-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сандарды қойып, көшіріп жазыңдар.

- 1 аптада ... (қанша?) күн бар?
- 1 жылда ... (неше?) мезгіл бар?
- 1 жылда ... (неше?) ай бар?

- Жеті, төрт, он екі деген сөздер қандай мағынаны білдіріп тұр?



156-жаттығу. Суреттің орнына заттың аты мен санын білдіріп тұрған сөздерді жазыңдар.

1. Мынау неше  ?

2. Үйінде неше  бар?


3. Мынау неше  ? 

НЕ ИСТЕДИ?, ҚАЙТТИ?, НЕФЫЛДЫ?



СҮРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРЕТИН СӨЗДЕР

157-жаттығу. Суретке қараңдар. Кім не істеп жатыр?



- Балалардың не істеп жатқанын білдіретін қымыл атауын (сөзді) айтыңдар. Ол сөздер қандай сұраққа жауап береді?
- Үш сөйлем жазыңдар.

158-жаттығу. Жұмбақтарды көшіріп, шешуін табыңдар.

Тақылдатып **таңдайды**,
Уақыттан бір **қалмайды**. (□ □ □ □ □.)

Гүлден шырын **алады**,
Құйрығымен **шагады**. (□ □ □.)

(Байбота Серікбайұлы.)

- Қарамен жазылған сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?

Не істеді?, қайтті?, неғылды?
деген сұрақтарға жауап беретін
сөздер заттардың қимылын және
іс-әрекетін білдіреді.

159-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Боран борады.
2. Дауыл соқты.
3. Шаң көтерілді.
4. Күн көрінді.

- Қимыл-әрекетті білдірген сөздердің астын сыйыңдар. Ол сөздер қандай сұрақтарға жауап беріп түр?



160-жаттығу.

Көшіріп жазыңдар.

Шыбын ызыңдайды. Сона ызылдайды. Жылан ысылдайды. Мысық пырылдайды. Қой, ешкі маңырайды.

- Жануарлардың әрекетін білдіріп тұрған сөздердің астын екі рет сыйыңдар.
- *Не?* сұрағына жауап беретін сөздердің астын бір рет сыйыңдар.

Үлгі: Қой, ешкі маңырайды.



**Не істеді?, қайтті?, не қылды?
деген сұрақтарға бір сөз де, екі-
үш сөз де жауап болады: жұз-
ді – жүзе бастады, секірді – се-
кіріп болды.**

161-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Серік Беріктің қолын ұстай алды.
2. Мәрияш үйіне қарай жүгіре жөнелді.
3. Алдымыздан машина шыға келді.
4. Оқушылар мектептен келе жатыр.

- Қимыл-әрекетті білдіріп тұрған сөздердің астын екі рет сыйындар. Салыстырындар: ұстады — ұстай алды, жүгірді — жүгіре жөнелді.




162-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді қойып көшіріңдер.

Ауа ... (қайтеді?). От ... (қайтеді?). Қайық ... (қайтеді?). Теніз ... (қайтеді?). Балмұздак өзімнен ... (қайтеді?).

Тиісті сөздер: салқындайды, жалқындайды, қалтылдайды, тартылмайды, артылмайды.

Үлгі: Ауа салқындайды (қайтеді?).



- Салқындайды, жалтылдайды, қалтылдайды, тартылмайды, артылмайды сөздері қай сөзбен байланысып тұр?





СӨЙЛЕМ

— Адамдар бір ойды білдіру үшін сөйлейді.
 — Ал, сол сөйлеу неден тұрады?
 — Сөйлеу сөйлемнен тұрады.
 — Сөйлем неден тұрады?
 — Сөйлем сөзден тұрады.

163-жаттығу. Бағанның екі жағындағы сөздерді салыстырып көшіріп жазындар.

Нан.
Шай.
Сынып.
Дауыс.

Ыстық нан жедік.
Тәтті шай іштік.
Бірінші сыныпта оқимын.
Бұлбұлдың даусы естілді.

- Бірінші бағандағы сөздер аяқталған ойды білдірмейді.
- Екінші бағандағы сөздер аяқталған ойды білдіріп тұр.

Сөйлем соңында дауыс бәсек-дейді.
Сөйлемдегі әр сөз бөлек жазылады.

164-жаттығу. Сөйлемдерді көшірі жазындар.

Күн шықты. Қар еріді. Арықтар суға толды. Құстар қайта бастады.

- Бұл сөйлемдер қандай өріптен бастап жазылған?



165-жаттығу. Әр сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қойып жазындар.

Перизат аула сыпсырды Айdos мал бақты Олар—әдепті оқушылар



Сөйлем сөздерден құралады.

Әр сөйлемнің соңында өзіне тиісті тыныс белгілері (үтір, сұрақ, леп, нұкте) қойылады.



166-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Жаңбыр жауды. Гүлдер жайқалды. Торғайлар шырылдады. Көбелектер ұшты.

- Бұл мәтінде неше сөйлем бар?

167-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазыңдар.

...ібек әкесін құрметтейді. ...ның қашан жұмыстан келуін күтеді. ...л әкесінің қолына су құяды.

Қалып кеткен әріптер: Ж, О, О.

- Не үшін бұл әріптерді бас-тап жазғандарыңың себебін айтыңдар.

168-жаттығу. Мақалдарды кідіріс жасап оқыңдар.

Кітап — білім бұлағы. Білім — өмір шырағы.



- Мақалдағы сөздерде неше дыбыс, неше әріп бар?



169-жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрастырыңдар.



Менің әкем — ... | Апам дәріханада...
Ол науқастарды... | Апам дәрі...

- Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар.

Тиісті сөздер: дәрігер, емдейді, істейді, береді.



ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ



170-жаттығу. 1. Сөйлем аяқталған жерге нүкте қойып, мәтінді көшіріңдер.

Шіл

Шіл — тауық тәрізді құс Олар шыршалы ормандарды мекендейді Шілді атуға болмайды Шіл де — табиғат сыйы

- Мәтінде қай құстың жайы хабарланып отыр?

171-жаттығу. Жұмбақты қатесіз көшіріңдер.

Құлағдар қып дүниенің ісінен,
Тіршілікті мәнді етер.

Қобдиша мен қораптың-ақ ішінен
Таң атқанша әндeter.

(Р  .)



**Өлеңнің әр жолы бас әріптен
басталып жазылады.**

**Бір нәрсенің не болған жайын
хабарлап тұрған сөйлемді хабар-
лы сөйлем дейміз.**

**Хабарлы сөйлемнің соңына нүк-
те (.) қойылады.**

172-жаттығу. Мәтінде қалып кеткен ты-
ныс белгіні қойып, көшіріп жазыңдар.

Теледидар — барлық жанұядан та-
былады. Ол арқылы жаңалықтардан
хабардар боламыз. Біз теледидардан
кинофильмдер мен мультфильмдер
тамашалаймыз.

(Айжамал Ганиева)



173-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазындар.

Мынау — қызыл қарындаш,
Мұнымен гүлді бояймын.
Мынау — кек қарындаш,
Мұнымен суды бояймын.

(Ұлықбек Есдәuletov)

- Өлеңге ат қойындар.



СҰРАУЛЫ СӘЙЛЕМ

174-жаттығу. Суретке қараңдар. Мәтінді кезектесіп оқындар.



— Суреттегілер кім?
— Білмейсің бе?

- Жоқ, білмедім.
- Бұлар — Айдана мен Арман.
- Айдананың қолындағы не?
- Кітап.
- Кітабындағы ертегілер қызық па?
- Өте қызық.

- Сүрай айтылған сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Үлгі: Суреттегілер кім?

175-жаттығу. Сөйлемдерді мәнерлеп оқыңдар.

Қыс ыстық, жаз сұық па?

Күн қараңғы, түн жарық па?

Қар қара, көмір ак па?

- Сөйлемнің соңында қай тыныс белгісі қойылған?

Жауап алу мақсатында айттылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлем соңына сұрау белгісі (?) қойылады.

Мысалы: Күн шықты ма?



176-жаттығу. Өлеңді кезектесіп оқындар. Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жазындар.

— Екі көзің не үшін керек...
— Жақсыларды көру үшін.
— Екі қолың не үшін керек...
— Елге көмек беру үшін.



Ма, ме, па, пе, ба, бе дейтін мағынасы жоқ сөздер сұраулы сөйлем жасайды: 1. Кітабың бар ма? 2. Абзал келді ме? 3. Кіруге рұқсат па?

177-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазындар.

Берік біреу ме?
Өрік бесеу ме?
Жиыны нешеу?
Шай екеу ме?
Май екеу ме?
Жиыны нешеу?
(Тұрысбек Еділбаев.)

- Сұраулы сөйлем жасап тұрған сөздердің астын сыйындар.



178-жаттығу. Көп нүктенің орнына *па*, *пе*, *ма*, *ме*, *ба*, *бе* сөздерінің тиістісін қойып, хабарлы сөйлемді сұраулы сөйлемге айналдырып жазыңдар.

1. Ана көрінген ат
2. Сен сабакқа барасың
3. Күн бұлтты емес
4. Ағаң үйде

179-жаттығу. 1. Сөйлемнің соңындағы мағынасы жоқ *ба*, *ма*, *ме*, *бе* сөздерін алып тастап, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Біз үлгілі оқушы боламыз *ба*?
2. Ата-анаға көмек береміз *бе*?
3. Ерте тұрған жақсы *ма*?

- Сөйлемнің соңына қай тыныс белгісін қойдыңдар?



180-жаттығу. Өлеңді қатесіз көшіріңдер.

Бұлттар неге ауады?
Жаңбыр қашан жауады?
Шөлдеді ғой торғайлар,
Шаң басты ғой ауаны.

(Ұлықбек Есдәuletov.)

- Сұраулы сөйлемдердің соңында келген тыныс белгісінің астын сыйындар.



ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ

181-жаттығу. 1. Кезектесіп оқындар.

— Біріншіден, не жаман?
 — Беті-қолың кір-кір боп,
 Берекесіз ыржақтап,
 Бейбастақ өссен, сол жаман!
 — Біріншіден, не жақсы?
 — Биязы мінез, тіл алғыш,
 Бал-бұл жанып жүретін
 Бауырмалдық сол жақсы!

(Серікбай Оспанов.)

- Көтеріңкі дауыспен айттылған сөйлемдердің айт. Оның тыныс белгісіне көніл бөліндер.

Адамның, бір нәрсенің көніл-күйін білдіретін сөйлемдерді лепті сөйлем дейміз. Көтеріңкі дауыспен айттылатындықтан лепті сөйлемнің соңына ! (леп) белгісі қойылады.

182-жаттығу. Көп нүктенің орнына (!) леп белгісін қойып, көшіріп жазындар.

1. Кемені кейін бұр... 2. Эй, тоқтаңдар ... 3. Тез, тезірек... 4. Былай тұр... 5. Кет әрі...

- Сөйлемдердің бәрі де көтеріңкі дауыспен айтылғанын аңғарындар.



183-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазындар.

Ибалы, иманды бол! Қуаныштарың құтты болсын! Құдай жарылқасын! Та-лабың оң болсын! Көп жаса!

- Сөйлемдердің соңында келген тыныс белгісінің астын сзындар.



СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ

184-жаттығу. Екі бағандағы сөздерді оқып, салыстырындар.

1. Су, түкірме.
2. Қүй, домбыра, тарт.

1. Суға түкірме.
2. Қүйді домбырада тарт.

3. Үй, кірпіш,
көтерілді.

3. Үй кірпіштен
көтеріледі.

- Қай бағандағы сөздер түсінікті жазылып тұр?
- Екінші бағандағы сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Сөздер бір-бірімен қосымшалар арқылы байланысады.

185-жаттығу. Суретке қарап, жылдың қай мезгілі екенін аңғарыңдар.



- Мәтінге ат қойыңдар.

186-жаттығу. Суретке қараңдар. Көп нүктенің орнына -да, -та, -ға, -н қосымшаларын қойып, көшіріп жазыңдар.



1. Қала... көліктер көп. 2. Бұрыш... бағдаршам бар. 3. Ана бағдаршам... қарап аялдап тұр. 4. Жол ережесі... білген қандай жақсы.

- Сөйлемдегі сөздер қай қосымшалар арқылы байланысқан?



187-жаттығу. Дауысты дыбысттан басталған адам аттарын бағанның сол жағына, дауыссыз дыбысттан басталған адам аттарын оң жағына жазыңдар.

Амангелді, Бақыт, Әмзе, Ғалымжан,
Дәурен, Есенғали, Исрайыл, Тұманбай.

Үлгі:

Амангелді / Бақыт

- Әріп — ненің таңбасы?





ЖЫЛ БОЙЫ ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

188-жаттығу. Сөздерді оқындар.

Ай, ана, әнші, бидай, керней, дегелек.

- Әр сөзде неше дыбыс, неше әріп ба-
рын айтындар.

**Әр сөйлем бас әріппен жазы-
лады.**

189-жаттығу. Өлеңді көшіріп жазындар.

Асханадағы ереже

Асты шашпай-төкпей іш,
Алақ-жұлақ етпей іш.

Келген асты алдыңа,
Тауысып іш, қалдырма.

(Отепберген Ақылбеков.)

- Жуан айтылған сөз-
дердің астын сыйындар.



190-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді жоғарыда оқыған ережеге орай жазындар.

...йназ — әнші қыз. ...л домбыра тартады. ...үй тартқан қандай тамаша. ...нді мен де домбыра тартамын.

Тиісті әріптер: к, о, е, а.

191-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар.



... ... қудың көбелек,
... ... қудым көбелек.
... екен керемет,
Ұстатпады, не керек?!

(Әбен Дәуренбеков.)

Тиісті сөздер: Мен де, Сен де, Жүйрік.

- Бас әріппен жазған сөздердің астын сызындар.





192-жаттығу. Буынға бөлінген сөздерді біріктіріп жазыңдар.

Әдептілік

Рұқ-сат-сыз бақ-ша-ға
Ба-қыт тіп-ті бар-май-ды.
Көрнеу қойған ақ-ша-ға
Суық қо-лын салмайды.

(Ә. Өмірзаков.)

- Үш буынды сөздердің астын сызыңдар.



193-жаттығу. Өлеңді оқып шығыңдар.

Тілек

Келе жатыр толып ес,
Күнделікте — толы «бес».
Науайы мен Абайдай
Шын азамат болып өс!

(Мекембай Омарұлы.)

- Асты сызылған сөздерді буынға бөліп, теріп жазыңдар.

194-жаттығу. Сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Асыр салып баладай,
Зыр жүгіріп ағады.
Ақ сұт берген анадай
Сусындатар даланы.

- Өлеңге ат қойыңдар.

195-жаттығу. Төмендегі сөздерді үлгіде-
гідей етіп тасымалдаңдар.

Жылқышылар. Мақташылар. Балық-
шылар.

Үлгі:

ба-лық балық-шы балықшы-лар

196-жаттығу. Берілген сұрақтарға жауап
айтыңдар.

1. **A, o, ы, ү** дыбыстары қандай
дыбыстар?

2. **A, o, ы, ү** дыбыстары бар сөздер
жуан айтылған сөздерге жата ма, әлде
жінішке айтылған сөздерге жата ма?



197-жаттығу. Берілген сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. **Ә, ө, і, ү** дыбыстары қандай дыбыстар?

2. *Күн, сәулө, мектеп, әдемі* сөздері қай себептен жінішке айтылған сөздер қатарына жатады?



198-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Отан

Отан — халық жүрөгі,
Әр кеудеде тұр ұрып.
Анаң болып құледі,
Келе жатсан жүгіріп.

(Бақтыбек Қозыкеев.)

- *Отан* сөзі қай сөзben салыстырылып, тендеу ретінде алынып тұр?
- Жінішке айтылған сөздердің астын сызыңдар.

199-жаттығу. Көп нүктенің орнына ти-істі тыныс белгілерді қойып жазындар.

Масқара!

— Қой, налыма, балдырған,
Кім көнлінді қалдырған...

— Тындырмадым бір істі,
Көкем кейін ұрысты...

— Қой, налыма, балдырған,
Кім көнлінді қалдырған...

— Үлгілі едім басқаға,
«Үш» ап қалдым, масқара...

(Көпен Әмірбеков.)

- Сұраулы сөйлемдердің астын сызыңдар.
- Бір нәрсенің себебін түсіндіріп, хабарлап тұрған сөйлемдер қайсы?

200-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Жейдемде қанша түйме бар?

Бес түйме бар өңірде.
Екі түйме жеңімде,

Төс қалтаны түймелер,
Қос оған бір түймені.
Жапсырылған қиықша—
Екі погон иықта.
Апам бұған жаңадан
Екі түйме қадаған.
Қанша болды түймелер,
Жауабын тез кім берер?

(Ермек Өтетілеуов.)



- Заттың санын білдіретін сөздерді теріп жазыңдар.



201-жаттығу. Жаңылтпашты жаңылмай оқыңдар.

Ара барда бал бар,
Жейсіңдер, балалар,
Қайды кетер бар бал?


Нұр шашқан— Нұр атам,
Нұратам— нұр Отан,
Бұл Отан— ұлы Отан!





202-жаттығу.

Өлеңді көшіріп жазындар.
Бұл өлеңде не туралы айтылған?



Тұған елдің ұлымын

Қуат алған өзінен
Тұған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін.

(Асқаржан Сәрсеков.)

- Өлеңдегі екі буынды сөздерді дыбысқа, буынға талдаңдар.

203-жаттығу.

Өлеңді көшіріп жазындар.



Сүм жүзді,
Құралай көзді,
Киікше секірген,
Бура санды,
Жолбарыс тонды.

(Құрбақа.)

- Жуан және жіңішке айтылған сөздерді бөлек-бөлек топтап жазындар.

Үлгі: 1. Сұм,
2. Жұзді.

204-жаттығу. Адам аттарын оқындар.

Абзал, Арайлым, Әсет, Әсем, Бақыт, Бақтығүл, Фалымжан, Фалима, Асылбек, Арухан.

- Қыздардың аттарын теріп жазындар.



205-жаттығу. Көп нүктенің орнына -де, -ден, -ді, -ті, -дың қосымшаларын қойып жазындар.

Көктем... көшет ектік. Сол көшеттерді үй... әкелдік. Көшет егіп болған соң кетпен..., күрек... тазалап қойдық.

Ағай... қуанышында шек жоқ.

- *Көктемде, үйден, кетпенді, күректі, ағайдың* дейтін сөздер өзінен кейінгі қай сөздермен байланысып тұр?





206-жаттығу. Көп нүктенің орнына қарсы мәндес сөздерді тауып жазындар.

ақ — ...

қысқа — ...

жақсы — ...

аш — ...

алыс — ...

ауыр — ...

- Сөздерге сұрақ қойындар.

207-жаттығу. Жұмбақтың шешуін табыңдар.

Тұнде жортады,
Жарықтан қорқады.

(Жарғанат.)

2. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңдар.

208-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар.

Өзбекстан — (қандай?) ... мемлекет.

Тиісті сөздер: бай, қуатты, шұғылалы, бақытты.

- Заттың қимылын білдіретін сөздерді тे-
ріп жазыңдар.

209-жаттығу. Суретте жылдың қай мез-
гілі бейнеленген?

Жаз жұмысы өте көп,
Жемістерді кіл бапта.
Роза гүлін мәпелеп,
Роза қызы да жүр бақта.

(Тұманбай Молдағалиев.)



- Қай сөздің қай сөзben (жүр бақта си-
яқты) байланысып тұрғанын айтыңдар.



210-жаттығу. Өлеңді жаттап алыңдар.
Туыстық атауларды білдіретін сөздерді атаң-
дар.

Қарияның баласымын,
Бұлдіршіннің ағасымын.

Сыйлап ата-аналарды,
Қуантамын ағаларды.

(Нұрхан Жанаев.)



- Қос сөзді айтыңдар.



Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі

(А)

абзал
азамат
анар
ақұу
алмұрт
аспан

(Ә)

әдет
әдемі
әділ
әже
әліпби
әсемпаз

(Б)

баба
бағбан
балалық
бәйшешек
бәйтерек
боzторғай

(В)

вагон
вазелин

велосипед
вокзал
волейболшы
витамин

(Г)

газ
газет
гауһар
гитара
грамм
гүлдесте

(Ғ)

ғажайып
ғалам
ғалым
ғарышкер
ғасыр
ғибрат
ғұлама

(Д)

дайын
дақыл
дәптер
дәрумен

домбыра
доп

(Е)

елгезек
егемендік
еден
емхана
ересек
ертегі

(Ж)

жабайы
жағалау
жануар
жаңалық
жаңғақ
жұмыртқа

(З)

залал
заман
заңғар
зауыт
зергер
зығыр

И

иек
иман
ине
итмұрын
ию

К

керуен
көкек
көктем
куәлік
кітапқұмар

Қ

қағаз
қаз
қайрақ
қайың
қамшы

Л

лайық
лалагұл
лашын
ләйлек
леген
лобия

М

майса
мақал
мал
маман
мата

Н

нағашы
найзағай
намыс
наурыз
нәзік
ниет

О

обал
облыс
ойыншық
омырау
орман
Отан

Ә

өгіз
өжет
өмір
өкімет
өнерпаз

П

палуан
пайда
падиша
пәтер
перзент

Р

радио
ракета
рақым
рақмет
ресми

С

сабак
сағат
сәбіз
сәлем
сенім
саябан

Т

тағам
тация
тәте
театр
ту

У

уақыт
үәде
удай
уыздай
уық
уыс

Ұ

ұждан
ұзак
ұлағат
ұнамды
ұят

Ү

үкі
үздік
үй
үйірме
үлгілі
үңгір

Ф

фабрика
факс
фокус
фестиваль

Х

хабар
халық
халат
хоккей
хор

Ц

цемент
цирк
цеҳ
цифр

Ч

чек
чех
чемодан
чемпион

Ш

шайхана
шалғы
шеше

шие
шегіртке

Ы

ыдыс
ызақор

ынта

ысырық
ыстық

І

ілгіш
ізет
ілім
іңкөр
ішімдік

Ә

электр
энергетик
эфир
этюд

Ю

юань
юмор
юбка

Я

я болмаса
ягуар
яғни
яки
япыр-ай

МАЗМҰНЫ

Ана тілім	3
Дыбыс пен әріп	4
Әріп — дыбыстардың таңбасы	10
Дауысты, дауыссыз дыбыстардың әріптері	12
Жуан дауысты дыбыстар мен әріптер	13
Жіңішке дауысты дыбыстар мен әріптер	20
Жуан айтылатын сөздер	28
Жіңішке айтылатын сөздер	31
Кіші әріптен басталып жазылатын сөздер	34
Бас әріптен басталып жазылатын сөздер	35
Адам аты-жөнінің бас әріптен басталып жазылуы	36
Жер-су аттарының бас әріптен басталып жазылуы	38
Үй жануарлары аттарының бас әріптен басталып жазылуы	39
Буын	41
Тасымал	46
А, Ә дауысты дыбыстары	47

О, ө дауысты дыбыстары	50
Ы, і дауысты дыбыстары	52
Ү, ү дауысты дыбыстары	55
Қ, қ дауыссыз дыбыстары	57
Қ, ғ дауыссыз дыбыстарының жуан айтылуы	61
Қ, ғ дауыссыз дыбыстарының жіңішке айтылуы	64
Сөз	67
Кім?, не? сұрақтарына жауап беретін сөздер	68
Қандай?, қай? сұрақтарына жауап беретін сөздер	72
Қанша?, неше? сұрақтарына жауап беретін сөздер	76
Не істеді?, қайтті?, неғылды? сұрақтарына жауап беретін сөздер	78
Сөйлем	82
Хабарлы сөйлем	85
Сұраулы сөйлем	87
Лепті сөйлем	91
Сөйлемдегі сөздердің байланысы	92
Жыл бойы өткенді қайталау	95
Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі	107

Умаров М.

U-58

Ана тілі: Жалпы орта білім беретін мектептердің 1-сыныбына арналған оқулық / М. Умаров. Тоғызынышы басылым. —Т.: «O'zbekiston», 2019. — 112 6.

ISBN 978-9943-01-048-2

УЎК 811.512.122(075)
372.881.1(075)
КБК 81.2 Каз-9

O'quv nashri

Mahkamboy Umarov

ONA TILI

Umumiy o'rta ta'lif mакtabларining 1-sinfи uchun darslik

(Qozoq tilida)

To'qqizinchi nashri

Original-maket «O'zbekiston» nashriyot-matbaa ijodiy uyida tayyorlangan,
100011, Toshkent, Navoiy ko'chasi, 30.

Суретші *Г. Шоабдурахимова*

Редакторы *Г. Нишанова*

Көркемдеуші редакторы *Б. Зуфаров*

Кіші редакторы *M. Салимова*

Техникалық редакторы *Л. Хижова*

Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АI №158, 14.08.2009.

Басуға 2019 жылы 23 январьда рұқсат етілді. Қалыбы 70×90¹/₁₆.

Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Pragmatica Kazakh».

Офсеттік әдіспен басылды. Кеглі 18, 16. Шартты баспа табағы 8,19.

Есептік баспа табағы 8,50. Таралымы 5792 дана. Тапсырыс № 428.

«Sharq» баспа-полиграфия акционерлік
компаниясының баспаханасында басылды.
100000, Ташкент, Буюк Турон көшесі, 41.